

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы

Министерство образования и науки Республики Казахстан
Национальная академия образования им. И. Алтынсарина



**ШЖМ БІРІКТІРІЛГЕН СЫНЫПТАРЫНДА ФОРМАТИВТІ
БАҒАЛАУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ БОЙЫНША
ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР**

**МЕТОДИЧЕСКИЕ РЕКОМЕНДАЦИИ
ПО ОРГАНИЗАЦИИ ФОРМАТИВНОГО ОЦЕНИВАНИЯ
В СОВМЕЩЕННЫХ КЛАССАХ МКШ**

Нұр-Сұлтан
2020

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесінің шешімімен баспаға ұсынылды (2020 жылғы 26 ақпан 3 № хаттамасы).

Рекомендовано к изданию решением Ученого совета Национальной академии образования им. И. Алтынсарина (протокол №3 от 26 февраля 2020 года).

ШЖМ біріктірілген сыныптарында формативті бағалауды ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар.

Әдістемелік ұсынымдар – Нұр-Сұлтан: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2020. – 160 б.

Методические рекомендации по организации формативного оценивания в совмещенных классах МКШ.

Методические рекомендации. – Нур-Султан: НАО имени И. Алтынсарина, 2020. – 162 с.

Әдістемелік ұсынымдарда шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында формативті бағалауды ұйымдастыру ерекшеліктері қарастырылды, әртүрлі жастағы топтарда формативті бағалау үшін тапсырмаларды ұйымдастыру формалары мен әдістері ұсынылды; ШЖМ мұғалімдерінің формативті бағалау тәсілдерін қолдануы бойынша зерттеу (сауалнама) нәтижелері ұсынылды, нақты тапсырмалар арқылы формативті бағалауда кездесетін қиындықтарды шешу жолдары ұсынылды.

Аталған әдістемелік ұсынымдар білім беру ұйымдарының басшылары мен қызметкерлеріне, білім басқармаларының басшылары мен әдіскерлеріне, біріктірілген сыныптарда жұмыс істейтін ШЖМ мұғалімдеріне және шағын жинақты мектепте білім беру үдерісін жоспарлау мәселелерімен айналысатындарға ұсынылады.

В методических рекомендациях рассмотрены особенности организации формативного оценивания в совмещенных классах малокомплектных школах, предложены формы и методы организации заданий для формативного оценивания в разновозрастных группах; представлены результаты исследования (анкетирования) по использованию учителями МКШ приемов формативного оценивания, предложены пути решения выявленных затруднений педагогов посредством конкретных примеров заданий для формативного оценивания.

Данные методические рекомендации рекомендованы руководителям и работникам организаций образования, начальникам и методистам управлений образования, учителям малокомплектных школ, работающим в совмещенных классах и всем, кто интересуется вопросами планирования образовательного процесса в малокомплектной школе.

© Ы. Алтынсарин атындағы
Ұлттық білім академиясы, 2020
© Национальная академия образования
имени И. Алтынсарина, 2020

Кіріспе

Білім беруді дамыту мәселелері мемлекет басшысының жіті назарында, мәселен, 16.08.2019 жылы мұғалімдердің тамыз конференциясында Президент Қ. Тоқаев білім беру сапасын жақсарту бойынша кешенді шаралар қабылдауды ұсынды. Президенттің 2019 жылғы 20 қыркүйектегі «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Жолдауында қала және ауыл мектептерінде білім беру сапасының алшақтығын қысқартудың маңыздылығын атап өтті. Бұл кездейсоқ емес, себебі білім беру сапасы, ал одан әрі қазақстандықтардың өмір сүру сапасы да мұғалімдерге тікелей қатысты [1].

Ұлттық білім беру мәліметтер базасының 2019 жылдың 1 қарашасындағы мәліметтері бойынша (бұдан әрі ҰБМБ) Қазақстанда біріктірілген сыныптары бар шағын жинақты мектептер саны 8690-ға жетті, бұл 30 % құрайды (жалпы саны – 29 685).

Әдістемелік ұсынымдардың өзектілігі қазіргі кезеңде шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында оқытудың мазмұны мен сапасына қойылатын талаптардың өзгеруімен түсіндіріледі, бұл біріктірілген сыныптардағы әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін енгізуді негіздейді, барлық педагогтар формативті бағалау мен оқушының тұлғалық дамуы үшін кері байланыстың, оның өзін-өзі басқару құзыреттілігінің маңыздылығын түсінбейді. Біріктірілген сынып жағдайында формативті бағалау оқу материалын терең түсінуге ықпал ететін байланыстырушы буын болуы мүмкін.

Әдістемелік ұсынымдардың жаңалығына, біріншіден, формативті бағалаудың эмоциялық, уәждемелік, конструктивтік типтері ұғымдарын теориялық тұрғыдан өңдеу, екіншіден, осы ұғымдарды шағын жинақты мектептегі біріктірілген сабақты талдауға қолдану жатады.

Әдістемелік ұсыныстар біріктірілген сыныптарда жұмыс істейтін шағын жинақты мектептердің педагогтарына арналған.

Зерттеу пәні шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарында формативті бағалауды жүргізудің түрлері мен тәсілдері болып табылады.

Зерттеу объектісі – формативті бағалауды өткізу тәртібін дұрыс ұйымдастыру арқылы орта білім беруді жаңарту жағдайында біріктірілген сыныптарда оқу үдерісін ұйымдастыру болып табылады.

Мақсаты: ШЖМ біріктірілген сыныптарында сабақты ұйымдастыру бойынша педагогтарға әдістемелік және методологиялық көмек көрсету және формативті бағалау тапсырмаларын құрастыру, білім сапасын арттыру үшін формативті бағалау түрлері мен тәсілдері бойынша әдістемелік көмек көрсету.

Мақсатқа сәйкес келесі міндеттер іске асырылады:

- ШЖМ біріктірілген сыныптарында сабақты ұйымдастыру кезінде әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерінің ерекшеліктерін ашу;
- формативті бағалауды ұйымдастыру және өткізу бойынша біріктірілген сыныптарда жұмыс істейтін педагогтардың негізгі қиындықтары мен сауалнама нәтижелерін талдау;

- біріктірілген сыныптарда оқу пәндері бойынша оқыту мақсаттарына қол жеткізу үшін тиімді техниканы, формативті бағалауды өткізудің түрлері мен тәсілдерін көрсету;

- жеке сабаққа қатысты ШЖМ-да педагогикалық үдерісті жақсарту бойынша нақты әдістемелік ұсыныстар жасау;

- біріктірілген сыныптардағы формативті бағалау үшін тапсырмалардың түрлері мен тәсілдерін әзірлеу және ұсыну.

Жұмыстың мақсатты аудиториясы – әртүрлі оқу пәндері бойынша жаңартылған бағдарламаларды жүзеге асыратын біріктірілген сыныптарда жұмыс істейтін ШЖМ педагогтары.

Практикалық маңыздылығы әдістемелік ұсынымдардың материалдары ШЖМ мұғаліміне оқыту мақсаттарына қол жеткізу және оқыту нәтижелілігін арттыру үшін формативті бағалаудың тиімді конструктивтік тәсілдерін жоспарлауға көмектеседі.

Бұл жұмыс педагогтардың оқу үдерісінде және оқу үдерісін жоспарлауда әртүрлі формативті бағалауды қолдану мүмкіндіктерін кеңейтеді.

1 ШЖМ біріктірілген сыныптарында сабақты ұйымдастырудың ерекшеліктері

Шағын жинақты мектеп (ШЖМ) жалпы мемлекеттік білім беру жүйесінің құрамдас бөлігі болып табылады. Бұл ауыл шаруашылығы өндірісі үшін кадрларды толықтырудың басты қоры. Оның жағдайы мен жұмыс деңгейі ауылдың әлеуметтік-экономикалық дамуына, халықтың мәдени-білім деңгейіне, демографиялық мәселелерді шешуге үлкен әсер етеді. Ауылдық жерлердегі ауылды, білімді сақтап қалу үшін адамдардың әлеуметтік болжамдарына, ауылдық қоғамдастықтың, әрбір отбасы мен нақты адамның әлеуметтік-құндылықтық тапсырысына сәйкес келуі тиіс. Мектеп ауылдық социумның маңызды бөлігі болып табылады және одан бөлек дами алмайды. ШЖМ болашағы, ең алдымен, ауыл шаруашылығы өндірісі мен ауылдың әлеуметтік-мәдени саласын дамытуға байланысты. Шағын жинақты мектептер өзінің білім беру қызметінде әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін, ұжымдық оқу сабақтары негізінде жеке білім беру бағдарламаларын жиі пайдаланады.

Әртүрлі жастағы топ қызметін ұйымдастырудың және іске асырудың теориялық және әдіснамалық негіздерін М. А. Мкртчян әзірледі (педагогика ғылымдарының докторы, АПСН академигі, Армения Білім және ғылым министрлігінің вице-министрі). Әртүрлі жастағы топ құру тәжірибесі Ресей мен Қазақстанда таралған [2].

Біз осындай мектеп қызметінің негізгі тұстарын атап өтейік. Мектептегі сынып-сабақ жүйесіне қарағанда:

- 1) дербес жұмыс істейтін сыныптардың орнына бірыңғай әртүрлі жастағы оқу тобы жұмыс істейді;
- 2) сабақтардың орнына ұжымдық оқу сабақтары өткізіледі;
- 3) барлық пәндер апта бойы оқытылатын сабақ кестесінің орнына, әдетте, бірнеше пәнді қатар жүргізу жүзеге асырылады;
- 4) сыныптарға арналған оқу-тақырыптық жоспарлардың орнына – әрбір білім алушыға арналған жеке бағдарламалар мен жоспарлар;
- 5) оқу үдерісін басқаруды, басқару функцияларын (яғни оқу жағдайларын ауыстыруды) тек мұғалімдер ғана емес, мұғалімдер мен білім алушылар бірлесіп орындайды.

Әр бала тек оқып қана қоймайды, оқытады да, яғни басқару қызметіне қатысады.

Бүгінгі таңда сыныптарды жиынтыққа біріктірудің екі тәсілі бар: аралас және әртүрлі жастағы.

Педагогикалық тұрғыдан әртүрлі жастағы сыныптарды ұйымдастыру өте қолайлы, бұл ауысым жұптарындағы жұмысты және жоғары сынып білім алушыларының өзіндік жұмысын ұйымдастыруға, сондай-ақ оқыту үдерісінде ерекше назар аударуды талап ететін кіші жастағы білім алушылармен сабақтарды ұйымдастыру үшін мұғалімнің уақытын босатуға мүмкіндік береді.

Бастауыш мектеп жағдайында білім алушыларды сынып-жинақтарға біріктірудің келесі нұсқалары бар: сыныптарды біріктірудің аралас нұсқасы:

2+3, 3+4; 2+4, 2+3 сыныптардағы әртүрлі жастағы білшім алушыларды біріктіру.

Бұл білім алушылар бір деңгейге жатады және жас айырмашылығы шамалы, бастауыш буында оқытылатын оқу пәндері сәйкес келеді. Орта буында сыныптарды келесі тәртіппен біріктірген жөн: 5+6, 7+8, 6+7. Әр жастағы білім алушыларды біріктіру оңтайлы болып табылады, себебі білім алушылардың жас ерекшеліктері мен осы сыныптардың оқу бағдарламалары арасындағы айырмашылық шамалы. Сондықтан әрбір жас тобының қажеттіліктерін ескере отырып, оларды бір сыныпта оқытуға мүмкіндік бар. Бұндай біріктіру кезінде бірпәндік, біртақырыптық қағидаты негізінде мазмұны жағынан ұқсас тақырыптарды бір пән ішінде интеграциялау арқылы оқыту мүмкін болады. Аралас пәндер бойынша біріктірілген оқыту ұсынылады: қазақ, орыс, ағылшын тілдері, әдебиет, биология, тарих, география, өзін-өзі тану, музыка, дене шынықтыру, көркем еңбек. Физика, химия, алгебра, геометрия сияқты оқу пәндерін біріктіру сирек кездеседі. Пәнішілік байланысты жүзеге асыру болмаған жағдайда пәнаралық кіріктірілген оқыту мүмкіндігі бар: әдебиет және тарих, тарих және география, биология және химия, математика және информатика. Біріктірілген сыныптарда сабақ беру үшін әртүрлі жастағы оқыту әдістемесі қолданылады. Бұл тақырып көптеген педагогтар үшін жаңа, аз зерттелген, өйткені ЖОО-да ондай пәнге кредит бөлінбейді, сондай-ақ педагогтардың біліктілігін арттыру курстары жоқ. Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы өткізетін оқыту семинарлары аясында бұл тақырып қамтылмайды. Осы себепті біз әртүрлі жастағы оқыту әдістемелерін және оларға қолданылатын формативті бағалау тәсілдерін түсіндіруді дұрыс деп санадық. Әртүрлі сынып білім алушыларының түрлі деңгейде оқытылатын мәселелер, құбылыстар, түсініктер және т. б. болған жағдайда біртақырыптық сабақтар өткізілетіндігін еске саламыз. Біртақырыптық сабақтардың негізі, бірінші кезекте, тұрақты ілеспелі қайталау болып табылады, сондықтан мұндай сабақтардың көп бөлігі оқу жылының бірінші және төртінші тоқсандарына келеді. Әртүрлі тақырыпты сабақтар біртақырыпты сабақтарды өткізу мүмкін болмаған жағдайда өткізіледі. Бұл жағдайда әртүрлі сыныптардың бірігуінің негізіне білім алушылардың оқу-танымдық іс-әрекетінің бір түрі алынады.

Әртүрлі жастағы оқыту әдістемесі бір-бірінен ерекшеленетіні сөзсіз:

- 1) мақсаты және жүзеге асырылатын дидактикалық міндеттер;
- 2) іске қосу рәсімдері бойынша;
- 3) білім алушылардың әрекетін басқару және есепке алу ерекшеліктері;
- 4) оқытудың әртүрлі ұйымдастыру нысандарын;
- 5) осы ұйымдастыру нысандарына қолданылатын тәсілдер.

Әрбір әдістеме белгілі бір оқу тапсырмасына сәйкес келеді және біз әр әдістемеге формативті бағалау тәсілін ойластырамыз:

– күрделі ғылыми, оқу, көркем мәтіндерді зерттеу үшін Ривин және тақырыптарды өзара беру әдістемесі қолданылады;

– оқулықтарда жеткілікті деңгейде қарастырылмаған мәселелерді оқыту, шығармалар, рефераттар жазу үшін Ривиннің кері әдісі қолайлы;

– бастапқы оқыту үшін стандартты, типтік тапсырмаларды шешуге тапсырмалармен өзара алмасу әдістемесі арналған;

– білім алушының оқу материалын қайталау, бекіту және жаттықтыру үшін жеке тапсырмаларды өзара бағалау және өзара тексеру әдістемесі қолданылады.;

– мәтіннің шағын, күрделі фрагментін (теоремалар, анықтамалар, ережелер және т.б.) түсінуді қамтамасыз ету үшін жетілдіру карточкасының әдістемесін қолдануға болады.

Аталған әдістемелердің негізгі идеяларын ашып, формативті бағалау үшін тапсырмалар ұсынамыз [3].

Әртүрлі жастағы оқытуды жақтаушылар бірнеше әдістемелерді сипаттады, олардың бірі тақырыптарды өзара беру әдістемесі. Әдістеменің негізгі идеясы мен тақырыптарды өзара таратуды ұйымдастыру өте оңай. Білім алушылар оқу бағдарламасының қандай да бір бөлімін (блогын) меңгеруі қажет. Әрбір білім алушы бір немесе бірнеше тақырыпты өз бетінше оқып, тақырыптардың бір бөлігін басқа білім алушылардан алуы тиіс. Тиісінше, ол өз бетінше игерген тақырыптарды өз жолдастарына беруі керек. Өз бетінше оқыған тақырыптар міндетті түрде мұғалімге тапсырылады.

Бұл жағдайда тақырып ретінде белгілі бір түрде ресімделген мәтін түсініледі, оған көлемі гуманитарлық пәндер үшін шамамен 3-5 бет және нақты пәндер үшін 1-3 бет көлемінде құрастырылған үш топ есеп, жаттығу, сұрақ және т.б. кіреді.

Мысалы, қазақ әдебиет сабағында 5-сынып Бердібек Соқпақбаев «Менің атым Қожа» шығармасы көлемді, ал сағат саны шектеулі. 6-сыныпта осындай жағдай, Доспамбет жырау «Қоғалы көлдер, қом сулар» шығармалары. Бұл тақырыптар оқу мақсатын біріктіреді: 5.1.1.1 және 6.1.1.1. Педагог алдын ала орындалауға берілетін үй тапсырмасы кезінде туындыны үйде оқу үшін құрамдас бөліктерге бөледі. Әрбір білім алушы өз тарауын өз бетінше зерделейді, ал тараулардың бір бөлігін басқа сыныптастарынан алады. Педагог білім алушыларды «Тарих тауы» және «Тарих картасы» графикалық оргайзерлеріне қойылған мақсатқа жету құралына назар аудара отырып, сабақтың мақсатымен таныстырады. Формативті тапсырма ретінде тараудың қысқаша мазмұны келтіріліп, тарих картасын бірінші бөлім бойынша толтыру жұмысы берілген.

Формативті тапсырма ретінде тараудың қысқаша мазмұны және әңгіме картасын алдымен оның тарауы бойынша, содан кейін бүкіл шағырма бойынша толтыру жұмысы беріледі.

6-сынып білім алушылары өз оргайзерімен жұмыс істеп қана қоймай, оқытылған материалды еске түсіреді, тапсырманы кіші білім алушылардың қаншалықты дұрыс орындағанын тексереді. Мұндай жұмыстың нәтижесінде білім алушы мәтінді пысықтай отырып, осы тақырыптың бірінші және екінші топтарының есептерін (сұрақтарын) шешу және оқытылатын тақырыптың толық (қосымша) жоспарын алады. Содан кейін ғана тақырып мұғалімге тапсырылады. Мұғалім тақырыпты меңгеру деңгейін тексеріп қана қоймайды,

сонымен қатар білім алушыны басқаны оқыту кезінде орындауға тура келетін мұғалім рөліне дайындайды. Бір оқушы өз тарауының мазмұнын бөліп-бөліп басқа оқушының есіне түсіреді, әр бөлімнен кейін сұрақ қою арқылы түсіну деңгейін тексереді немесе басқа топтың тапсырмасын орындайды.

Осыдан кейін білім алушы сол бөлімнің атауын жазады. Бірлескен жұмыс нәтижесінде әріптесінің дәптерінде «Тарих картасы» тақырыбының толық жоспары пайда болады. Осыдан кейін білім алушылар рөлдерімен ауысады. Бір-бірін оқытып болғаннан кейін, әрбір білім алушы екінші топтағы жаттығуларды өз бетінше орындауға кіріседі.

А. Г. Ривиннің әдістемесі бойынша, әдетте, түсіну үшін күрделі, бір мағыналы түсіндірмесі жоқ және міндетті түрде көлемі жағынан шағын (3-7 абзац) тақырыптар оқытылады.

Білім алушылар тобы бірнеше тақырыпты қамтитын шағын бөлімді (блок) меңгеру қажет. Әрбір білім алушы ауысым құрамының жұптарындағы блоктың барлық тақырыптарын зерделеуі тиіс. Әдетте осы әдістеме бойынша қазақ тілі сабағында морфологияны оқыту кезінде дидактикалық бірліктерді ірілендіру арқылы жұмыс былайша ұйымдастырылады.

Білім алушылар өз мәтіндерін алады, мысалы, зат есімінің, сын есімнің, сан есімінің грамматикалық категориялары. Сөйлеудің бір бөлігінің грамматикалық ерекшеліктерін пысықтау үшін ол оқитын, талқылайтын, материалдың мазмұнын анықтайтын серіктесін табады (дәлірек айтқанда, конспектілеу емес, грамматикалық категорияларды атайды). Зат есімінің атауы мен грамматикалық категориялары дәптерге жазылады. Сондай-ақ, ол өз жолдастарына осы сөз табының ерекшеліктерін түсінуге көмектеседі. Жұппен жұмыс істейтін білім алушыларда сөз таптары әртүрлі болуы керек, оларды есім сөз табы ретіндегі грамматикалық категориялары біріктіреді.

Осыдан кейін екінші сөз табын пысықтау үшін білім алушы жаңа жұптасын іздейді, оған өзіне түскен сөз табының мазмұнын айтады, одан әрі оны оқиды, талқылайды, грамматикалық категорияларын анықтайды және сөз табының атауын дәптерге жазады. Сонымен қатар ол өзінің жұптасына көмектеседі, оны тыңдайды, оған сөз табын түсінуге, оның атауын дәптерге жазуға көмектеседі. Қысқа уақыт ішінде білім алушылар сөз таптарының грамматикалық категорияларымен танысуға, ал басқа сабақтарда алған білімдерін бекітуге мүмкіндігі бар.

Әртүрлі жастағы топ үшін «Ривинның кері байланыс» әдістемесін пайдалануға болады. Оның ерекшелігі ұжымдық жұмыс есебінен оқу тақырыбының мазмұнын ашу. Әдістемені іске қосу үшін педагог бірнеше тақырыптың толық жоспарын дайындауы керек: мысалы, 6-сынып – қыстырма сөздер мен конструкцияларды пайдалану. Білім алушылар бос схеманы толтыруы тиіс. Оның міндеті – жоспар бойынша тақырып мазмұнын қыстырма сөздер мен конструкциялармен кестені тиісті түрде рәсімдеу. Топ жұмысы Ривин әдісі бойынша ұйымдастырылады. Өз жоспарының бірінші тармағын пысықтау үшін білім алушы жұптасын табады, онымен бірге мүмкін болатын мазмұнды талқылайды және қажет болған жағдайда түрлі дереккөздерге,

мысалы, оқулықтарға, кітаптарға, энциклопедияларға жүгінеді. Одан әрі олар қыстырма сөздерді нақты мәтінде белгілі бір мәнде пайдаланудың ықтимал нұсқасын талқылайды, оған қыстырма сөздер мен конструкциялар енгізілгеннен кейін мәтіннің қалай өзгергенін түсіндіреді. Осыдан кейін ол өз жолдастарына оның жоспар тармағының мазмұнын ресімдеуге көмектеседі.

Жоспардың келесі тармағын пысықтау үшін білім алушы жаңа жұптасын табады, оған қыстырма сөздер мен құрылымдар тобының мазмұнын баяндайды, одан әрі жұмыс жоғарыда сипатталғандай ұйымдастырылады.

Жоспардың барлық тармақтарын қарастыра отырып, білім алушы қыстырма сөздердің мәні мен топтары туралы толық түсінік және толтырылған кестені алады. Осыдан кейін ол басқа тақырыпқа кірісе алады, осыған ұқсас жұмыс істейді. Негізгі ұйымдастыру формасы – ұжымдық. Жұптағы білім алушылардың негізгі жұмыс түрі талқылау арқылы бірлесіп оқыту болып табылады.

Тапсырмалармен өзара алмасу әдістемесі білім алушылардың ауысым құрамының жұптарындағы жұмысы есебінен әртүрлі типтік тапсырмаларды алғаш оқытуға арналған.

Олар бір түрдегі тапсырмаларды орындауды мұғаліммен жұмыс істеу есебінен, қалған түрлерін – басқа сыныптастарымен бірлесіп жұмыс істеу есебінен жүзеге асырады. Мұғалім әр білім алушымен жеке жұмыс істейді: бір типті екі тапсырмасы бар карточканы қолдана отырып, ол тапсырманы орындау жолын түсіндіреді және қажетті теориялық білім береді. Бұл ретте ол бірінші тапсырманы орындау тәсілін сыныптастарының дәптеріне жазады. Білім алушы екінші тапсырманы өз әрекеттерін түсіндіре отырып, өз бетінше орындайды. Бұдан әрі білім алушылардың өзара іс-әрекетін ұйымдастыру қажет.

Жұпта білім алушылар бір-бірін өз міндеттерін шешуге үйретеді, бұл ретте жұмыс алгоритмі педагогтың білім алушылармен жұмыс істеу кезіндегі сияқты (бірінші тапсырма түсіндіріледі, екіншісі өз бетінше орындалады). Қазақ тілі сабағында бұл тапсырманы әртүрлі грамматикалық талдауларды жүргізу кезінде қолдану керек: бірінші талдауды педагог білім алушылармен бірге орындайды, екінші грамматикалық, сөзжасамдық, лексикалық, морфологиялық немесе синтаксистік талдауды білім алушы сыныптастарымен бірге жасайды. Келесі жұпта ол бұрынғы жұпта алынған грамматикалық талдау түрін беруі тиіс. Демек, білім алушы барлық алынған талдау түрлерін беруі тиіс. Осы әдістеме бойынша жұмыс істеу үшін арнайы дидактикалық материал дайындау қажет. Бұл белгілі бір тақырып бойынша екі бірдей жаттығу (грамматикалық, лексикалық немесе синтаксистік талдау), тапсырма немесе сұрақтар бар карточкалар. Әдебиет сабағында мұғалім жанрлық ерекшеліктерді оқу барысында қандай да бір жанрдың белгілері бар карточкаларды дайындайды. Білім алушылар өз бетінше және сыныптастарымен жанрлық ерекшеліктерді табады, бір-бірін өзара үйретеді. Жұппен жұмыстың жетекші түрі – өзара оқыту. Өзара әрекеттесу – жаттығу және дағдыларды пысықтау үшін жұптық жұмыстың негізгі түрі.

Әдістемеде білім алушылардың ауызша жаттығуларына, ережемен тексерілмейтін сөздердің емлесуін меңгеру, көбейту және т. б. кестесін қайталау үшін қолдануға болады. Білім алушылар әртүрлі карточкаларды алып, жұптасын таңдайды.

Бірінші білім алушы екінші білім алушыға өз карточкасының бірінші тапсырмасын (әрине, жауабын айтпай) айтады, екінші білім алушы қойылған сұраққа жауап береді. Бірінші білім алушы өз карточкасы бойынша жауапты салыстырады. Егер жауап дұрыс болса, онда ол екінші тапсырманы қояды.

Егер жауап дұрыс болмаса, онда ол жұптасына тағы да сұраққа жауап беруді ұсынады. Егер жұптасы бірнеше рет қателессе, онда бірінші білім алушы оған дұрыс жауап береді, содан кейін келесі сұраққа көшеді.

Бірінші білім алушы өз карточкасының барлық тапсырмаларын қойып болғанда, жұптастар рөлдерімен ауысады. Енді екінші білім алушы өз карточкасының сұрақтарын қояды, ал біріншісі ол сұрақтарға жауап береді. Барлық сұрақтар қойылып болған кезде, білім алушылар жұмысын аяқтайды. Бұдан әрі білім алушы жаңа жұптас іздейді және бірінші жұптағы сияқты жұмыс істейді. Бұл әдістеменің ерекшелігі – білім алушы өз карточкасын өзгертпейді. Бұл әдіс мақсатына байланысты жаттығу болып табылады. Өзара әрекеттесу әдістемесі, мысалы, тапсырмалармен өзара алмасу әдістемесі сияқты іске қосудың ерекше үдерісін талап етпейді. Жұмысты бұл әдістеме бойынша ұйымдастыру үшін жауаптары бар 5-6 сұрақ жазылған карточкалар болуы қажет. Әдетте, әдістеме бойынша жұмыс аз уақыт (5-10 минут) алады.

Әртүрлі жастағы балаларды оқыту үшін талқылауды дербес әдістеме ретінде қолдануға болады. Талқылауды теореманы, ережені дәлелдей білу қажеттігі бар гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттағы сабақтарда қолдануға болады. Кейбір автордың мәтінінде, сондай-ақ бір-бірінің мәтінінде айтылған қандай да бір тақырыпты, мәселені талқылауға болады. Талқылау кезінде білім алушылардың позициялары ерекшеленбейді. Талқылаудың мақсаты – пікірлердің қай жерде және кімнің пікірімен сәйкес келетінін түсіну, содан кейін бір-бірінің есебінен өздерінің түсініктерін кеңейту.

Талқылау бірнеше тәсілдерді қамтитынын есте сақтау қажет:

– мұғалімнің (немесе білім алушының) айтқанын немесе кітаптан не оқығанын **еске түсіру**.

Бұл қайта жаңғырту деңгейі, ол зейінін, тыңдау немесе оқу дағдысын дамытады, қабылдау арнасына көбірек бағытталған;

– автордың мәтінін (ойларын) **түсіндіру**, яғни өз пікірін, осы ойға көзқарасын білдіру, өз бағасын беру, басқа авторлардың бағасын көрсету. Ол үшін білім алушы белгілі бір оқу пәнін академиялық тілді меңгеруде сөздік қорын байытуға ықпал ететін түрлі клише, штамп пікірлерді, қыстырма сөздер мен конструкцияларды пайдалануға тырысатын болады;

– **сұрақтар қою** – талқылаудың қажетті компоненті.

Педагогтар сұрақтар құрастыру жұмыстарын барлық сабақтарда үздіксіз жүргізеді. Сұрақтар бойынша жұмысты ұйымдастыру үшін «Таным кубы», «Блум ромашкасы» жаттығулары қолайлы.

Формативті тапсырма үшін әдебиет сабағында сұрақтарды «Шығарма кейіпкерлермен сұхбат», «Ғалым зерттеушіге сұрақтар», «Автор орындығы», «Ыстық орындық», «Сұрақтар қабырғасы», «Кейіпкер/силуэт қабырғасы», «Сұрақтар тұрағы» тәсілдері арқылы ойдағыдай пысықтауға болады. Көрсетілген тәсілдерді кешенді және жеке қолдануға болады. Сұрақ қою бойынша жұмысты әртүрлі тәсілмен ұйымдастыруға болады: «Автор орындығы», «Ыстық орындық» тәсілдері сынып ұжымы сыныптың бір оқушысына сұрақ қою арқылы жүзеге асады. Сарапшы рөлін жақсы оқитын білім алушыға ұсынуға болады, немесе ол сұрақ қояды білім алушылардың басқа біреуіне жүктейді. Кері байланысты жүзеге асыру кезінде білім алушылар сұрақтардың сапасы мен санына ғана емес, сонымен қатар білім алушылардың жауаптарына да назар аударады.

Әртүрлі жастағы топтар үшін ШЖМ-ның біріктірілген сыныбы жағдайында бірлесіп оқыту әдістемесін қосуға болады. Екеуінің ешқайсысы әлі білмейтін нәрсені бірге отырып зерттеп-зерделеуге болады. Екі жұптас та зерделеуші болады. Бірлесіп зерттеу пәні – бұл қандай да бір автордың мәтіндері, әдеби шығармалар. Бұл жерде зерттеу мен талқылаудың айырмашылығы бар; жұмыстың соңғы түрінің мәні – үшіншісінің және бір-бірінің мәтіндері.

Әртүрлі стильдегі мәтіндерді оқу үшін әртүрлі техника қажет: ғылыми мәтіндер логикалық жұмысты қажет етеді, көркемдік – автордың сезімдерін, образдарын, ассоциацияларын түсінуді қажет етеді. Өз кезегінде, сол ғылыми мәтіндердің типі бойынша әртүрлі абзацтарын – ұғымдарды, үдерістерді немесе оқиғаларды сипаттайтын абзацтарды, пайымдау мәтіндерді бейнелейтін фрагменттерді зерделеу үшін арнайы тәсілдер әзірлеу қажет. Мысалы, сабақта дидактикалық бірліктерді ірілендіру әдістемесі бойынша әртүрлі жанрлардың стилистикалық ерекшеліктері тақырыбы пысықталды. Білім алушылар таныс емес мәтіннен бір стильдің белгілерін тауып, бір-біріне дәлелдейді, бір-бірін өзара үйретеді. Қазақ тілі сабағында емле және емле ережелерін меңгеру үшін жеке тақырыптарды таңдау жұмысы үшін пайдаланған қолайлы. Математика, физика сабағында мәтіннен білім алушылар қандай да бір заң белгілерін табады. Бірлесіп оқыту кезінде білім алушылар бір-бірін бағалау үшін сыныптастарына кері байланыс бере алатын формативті бағалауды таңдау қажет. Формативті бағалауды ұйымдастыру кезінде білім алушыларға сыныптастары тарапынан өзара көмек көрсетуге баса назар аудару ұсынылады.

Әдетте, жұптық жаттығулар бір бағытта және өзара ұйымдастырылуы мүмкін. Оқу кезінде сабаққа қатысушылар түрлі позицияда болады: біреуі – оқытушы, екіншісі – білім алушы (оқушы). *Ұйымдастырылған* әрекеттестіктің есебінен екіншісі біріншісінің білімін таратушы болады. Осылайша, оқыту пәні – бұл жұптасы иемденетін ақпарат (білім) немесе әрекет ету (орындау) тәсілдері.

Сонымен қатар қазақ, орыс, ағылшын тілдері сабағында жоғары сынып білім алушылары лексикалық немесе синтаксистік талдау жүргізу тәртібін көрсетеді, бұл материал төменгі сынып білім алушыларына түсінікті болады және олар үшін бұл материал сөзсіз жаңа болады. Жоғары сынып білім алушылары үшін бұл өз білімдерін тексеруге және кіші білім алушыларын үйретуге мүмкіндік береді. Шағын топтарда ұйымдастырылады (4, 6 адамнан, бірақ 12 адамнан аспайды, серіктестерді (жұптастарды) ауыстыру мүмкіндіктеріне қарай).

Педагогтар жұптардың бірнеше түрін құрады:

- статикалық жұп – қатар отырған білім алушылар бірге жұмыс істейді.
- динамикалық жұп – ауысым құрамының жұбы, төрттіктегі серіктестерді ауыстыру арқылы жұмыс істеу өте ыңғайлы. Әр білім алушы серіктестерін үш рет өзгертіп жұмыс істейді.

Вариациялық жұп – төрттіктегі жұмыс төрт такт барысында жүзеге асырылады, өйткені білім алушылар жұптық жұмыс аяқталғаннан кейін әр жолы карточкаларын ауыстырып отырады.

Педагог білім алушының жұмыс бағытын анықтау қажет (кіммен және қандай ретпен жұмыс істейтін болады), түрлі түсті карточкалар немесе түрлі түсті сигналдар (бір түс – бір материал) арқылы серіктес іздеу уақытын азайту қажет.

Осындай ұйымдастыру кезінде педагог білім алушылардың жұмысын бақылайды, есепке алу кестесінде әрқайсысының жұмысын белгілейді. Оқу материалын жұптасып пысықтау оның мазмұнын қалпына есіне түсіруге, білімін тексеруге көмектеседі. Білім алушылардың тапсырмалары оқу материалының мазмұнына сәйкес болуы тиіс. Мысалы, мұғалімнің мәтінін қайталау, сұрақ қою, басты ойды анықтау, мәтіннің бір бөлігін атау, өз көзқарасын білдіру, өз гипотезасын ұсыну т. б.. Сонымен қатар, тәжірибе көрсеткендей, жұпта жұмыс істеу кезінде қатысушылардың бірі бастамашы рөлге ие бола алады немесе керісінше, қатысушылардың бірі басқа серіктесінің білімін пайдаланады.

Өзара оқытуды жүзеге асыру үшін қажетті жағдайлар:

Жұппен біріктірілген білім алушылар мазмұнның әртүрлі фрагменттерін білуі тиіс:

- бір білім алушы мазмұнның бір бөлігін білсе, екіншісі екінші бір бөлігін біледі. *Өзара оқуды тек жаңа материал негізінде жүзеге асыруға болады!*

- Бұл фрагменттер бір-біріне тәуелді болмауы керек.
- Шағын бөліктермен оқыту керек.

«Педагог» материалдың шағын фрагментін баяндау керек, содан кейін оны түсінгендігіне көз жеткізу керек, фрагменттің «білім алушыға» түсінікті екеніне көз жеткізгеннен кейін ғана оның келесі бөліміне өту керек. Ағылшын тілі сабағында болымды және болымсыз етістіктерді, қазақ тілі сабақтарында орфография ережелерін, математика сабақтарында дұрыс және дұрыс емес бөлшектерге үйретуге болады.

Әр жастағы оқыту әдістемесін зерттеген ғалымдар жаттығу әдістемесіне ерекше көңіл бөледі. Жұппен жұмыс істеу есебінен оқытылған материалды бекітудің әртүрлі аспектілерін тиімді қамтамасыз етуге болады. Әрекеттерді автоматтандыруға жеткізу маңызды болған кезде өзара қарым-қатынасты қолдануға болады.

Жұпта екі позиция бар: жаттықтырушы және жаттығушы. Өзара жаттығудың мақсаты – серіктестің жаттығуларына оның жауабы дұрыс, дұрыс емес екендігін көрсете отырып басшылық ету.

«Жаттықтырушының» қамқорлығы дегеніміз – тапсырманы орындауда (сұраққа жауап беру) және оның жауабында «жаттықтырушының» іс-әрекетінің болуы.

Егер «жаттықтырушы» материалды жақсы меңгерсе, онда оған тек бірнеше тапсырмалар жиынтығы жеткілікті. Алайда өзара жаттығу ыңғайлы, бұл білім алушыларды да құрал ретінде пайдалануға мүмкіндік береді, олар әлі де өз серіктесінің қандай да бір тақырыпқа қатысты пікірлерін тексере алмайды. Ол үшін тапсырмалар мен дайын жауаптары бар арнайы дидактикалық материал қажет.

Өзара жаттығуды әртүрлі материалды бекіту үшін қолдануға болады: ауызша есепте жаттығуға болады, көбейту кестесін, формулаларды, мәліметтерді, фактілерді жаттауда, орфограммаларды табуда, ұғымдарға түсінік беруде және т.б. Білім алушылар ауысымды құрам жұптарында жұмысты аяқтағанда оларды топтық қызметке ауыстыруға болады.

Топтық жұмыста педагог білім алушылардың жұмысын ұйымдастырады, топтық өзара бағалау немесе білім алушының өзінің қатысуын бағалау арқылы білім алушылардың жұмысын бағалайды, кері байланыс жасайды, сабақ аяқталғаннан кейін рефлексия ұйымдастырады. Әртүрлі жастағы топта алған білімді тексеру әдісі жиі қолданылады. Бекітудің есебінен автоматтандырылған емес, саналы әрекеттер маңызды болған кезде, тексеру сияқты жұптық жұмыс түрі қолайлы. Ол өзара немесе біржақты болуы мүмкін. Жұптық тексеру кезінде екі позиция ажыратылады: тексеруші және тексерілуші. Өзара бақылауға қарағанда, тексеру жауап беруге бағытталмайды. Тексеру дегеніміз – мәселені шешу, тапсырманы орындау бойынша іс-әрекеттер мазмұны: тапсырма орындау мен жауап беру арасындағы логикалық байланыс. Біз мұндай

тексерудің екі артықшылығын атап өтеміз. Біріншіден, түсініктеме беру барысында, өз әрекеттерін түсіндіру кезінде білім алушы өз қателерін табады. Екіншіден, тексеру «қазір және осы жерде» жүзеге асырылады; егер қате табылса, қателер білім алушыдан алыстамй тұрып, сол жерде түзетіледі.

Сонымен, жоғарыда сипатталған әртүрлі жастағы оқытудың әдістері оқытушының да, білім алушының да жұпта, топта жұмыс істеуі, педагогпен үнемі өзара қарым-қатынаста болуы нәтижесінде олардың ойлау дағдылары мен коммуникативтік дағдыларын дамытуға бағытталған. Мақсатына қол жеткізілген және білім алушылардың болжаған іс-әрекеттері, нақты жасалған іс-әрекеттер мен іс-әрекеттің нәтижелері туралы түсініктері бар қызметті табысты деп санауға болатынын есте сақтау қажет. Формативті бағалау осы өзара байланысты анықтауға көмектеседі.

Әртүрлі жастағы топта формативті бағалау үшін, олар жұмыс түріне (өзін-өзі бағалау, өзара бағалау, топтық өзара бағалау) сәйкес келетін тапсырмаларды таңдау қажет, педагог сабақ соңында қорытынды кері байланыс жасайтынын есте сақтау қажет. Білім алушылар өз сыныптарстарымен кері байланысқа түссе, педагог барлық сыныппен кері байланысқа түседі, осылайша ол өз сабағының бас авторы және дирижері болып табылатынын көрсетеді. Білім алушылардың жүргізген кері байланысы және оларды формативті бағалауға қатыстыру олардың білім алуына жауапкершілікті дамыту болып табылады. Әртүрлі жастағы оқыту әдістемесі – бұл әлеуметтендіруге және өзін-өзі басқаруға ықпал ететін өзара оқыту.

«Академик» сайтының кәсіби сөздігінде өзара оқыту топтық оқыту әдісі ретінде түсіндіріледі, ол білім алушылардың қабілеттері, теориялық және практикалық дайындығына негізделетін және негізгі және қосымша оқылатын ақпаратпен алмасудан, іскерлік пен дағдыларды бірлесіп пысықтаудан тұрады.

Өзара оқыту технологиясы – оқу-тәрбие үдерісін дамытудағы жаңа кезең немесе жаңа тарихи кезең. Мұндай технология жаппай және шағын жинақты мектепте оқу үдерісін қайта ұйымдастыруға және оның тиімділігін арттыруға ықпал етеді. Оқытудағы ұжымдастыру – бұл оқу-тәрбие жұмысының сапасы мен тиімділігінің басты резерві. Бірге жұмыс істеу, бір-біріне көмектесу арқылы адамдар көп жетістікке жетеді. Ұжымдық жұмыстың белгілері:

- Ұжымның барлық мүшелерінде ортақ мақсаттың болуы.
- Өзара көмек және ынтымақтастық
- Еңбек пен қызметті бөлісу, тақырыптар мен тапсырмалардың әртүрлілігі.
- Ұжымның әрбір мүшесінің оқу үдерісін басқаруға қатысуы

– Ұжым жасаған жұмыс көлемі жағынан ең қабілетті бір білім алушының жасағанына қарағанда көп болуы керек.

– Ұжымның барлық және әрбір мүшесінің жеке жұмысының қоғамдық пайдалы сипаты.

– Бір адамның барлығына және барлығының бір адамға қамқорлық жасауы.

– Ұжымның әрбір мүшесінің дамуы үшін объективті жағдайлардың теңдігі.

Оқу жұмысын ұйымдастырудың ұжымдық формасы оқытушылар мен білім алушылардың ауысым құрамының жұптарында қарым-қатынас жасауы болып табылады.

Оқыту үдерісін ұйымдастырудың ұжымдық формасының маңызды ерекшеліктері:

– Әр қатысушы міндетті түрде білім алушы, білім беруші болып табылады.

– Әрбір білім алушының ең жақын мақсаты басқаларды өзі білетін нәрсеге үйрету.

– Әр білім алушының қызметі қоғамға пайдалы.

Жұмыстың негізгі принципі: барлығы кезек бойынша әр адамды оқытады, ал әрқайсысы кезек бойынша барлығын, яғни ұжым әрбір мүшесін оқытады.

Әр адам өз білімі мен оқу жетістіктері үшін ғана емес, сонымен қатар жолдастарының білімі мен оқу жетістіктері үшін де жауап береді.

Сабақта оқытылатын тақырыпты білім алушы басқа білім алушыларға әр адаммен бірге оны толық, нақты және жан-жақты меңгеру үшін қаншалықты қажет болса, сонша рет жұмыс істей отырып, баяндай алады.

Мұғалімнің басты міндеті – әр білім алушының оқытушылық өнерін, шеберлігін қалыптастыру.

2 ШЖМ біріктірілген сыныптарында формативті бағалау: тәжірибені талдау

2020-2025 жж. Білім беруді дамытудың мемлекеттік бағдарламасының басты міндеттерінің бірі – білім алушылардың, педагогтардың, білім беру ұйымдарының білім сапасын бағалау жүйесін ең үздік тәжірибе негізінде енгізу. Формативті бағалау жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқытудағы жаңа тәсіл болып табылады, сондықтан педагогтар тарапынан оның ерекшеліктері, түрлері мен өткізу техникалары бойынша көптеген мәселелер туындатады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының шағын жинақты мектептерді дамыту орталығы педагогтардың ШЖМ түрлерін, әдіс-тәсілдерін және формативті бағалау техникаларын меңгеруіне сауалнама түрінде зерттеу жүргізді. Зерттеу жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыратын педагогтарды қолдауды жүзеге асыратын орта білім беру мазмұнын жаңарту жағдайында жұмыс істейтін мектеп директорлары мен директорлардың орынбасарларына бағытталған.

Сауалнама үш блокта біріктірілген сұрақтарды қамтыды: реципиенттің өзі туралы білім, қысқа мерзімді жоспарлау жүйесіндегі формативті бағалау орны туралы білім, формативті бағалау жүргізудің техникасы мен тәсілдері туралы білім, ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім беру үдерісін өткізу және формативті бағалау жүргізу ерекшеліктері туралы, ШЖМ біріктірілген сабақтарды дайындау және өткізу кезіндегі мұғалімнің әрекетінің мазмұны мен нысандары туралы.

Зерттеудің мақсаты – педагогтардың формативті бағалауды түсіну және өткізу тәсілдерін таңдау, кері байланыс орнату мәселелерінде туындаған қиындықтарының негізгілерін анықтау.

Зерттеу күндізгі және сырттай on-line форматында жүргізілді. Күндізгі зерттеуге Ақмола облысы Шортанды ауданының ауылдық және шағын жинақты мектептерінің педагогтары қатысты, сауалнамадан кейін оларға формативті бағалаудың түрлері мен техникалары мәселелері бойынша оқыту семинары өткізілді. Сырттай on-line зерттеуге 997 педагог қатысты, (оның ішінде 445 қалалық педагог, 552 ауылдық педагог, 135 ауылдық ШЖМ).

Жұмысымыздың екінші бөлімі осы сауалнаманы талдау нәтижелері бойынша жазылған, ол мектеп әкімшілігіне өз педагогтарының кәсіби құзыреттілігін арттыру бойынша бірқатар іс-шараларды ұйымдастыруға көмектесе алады. Күндізгі және сырттай зерттеу сұрақтары <https://www.surveymonkey.com/survey/d/W3B0L9U5R8E7Z6A5P> интернет-порталында ақпаратты орналастыру және жауап алу мүмкіндіктерінен айырмашылықтары аз болды. Осы себепті біз алдымен күндізгі оқу түріне, одан кейін сырттай оқу нәтижелеріне талдау жасаймыз.

Ақмола облысы Шортанды ауданында жүргізілген күндізгі зерттеудің нәтижелері көрсетілген.

1-сұрақ. Сіз қандай мектепте жұмыс істейсіз (қалалық, ауылдық, ауылдық ШЖМ)? Біздің респонденттер – бұл ШЖМ-ның барлық педагогтары. Әр түрлі жастағы, білім беруде жұмыс өтілі әртүрлі, әртүрлі біліктілік санаты бар, шағын ауылдарда тұратын және жұмыс істейтін педагогтар.

2-сұрақ. Жұмыс өтілі. Барлығы 9 респонденттің 5 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар, ең жас педагогтың 1 жыл өтілі бар, ол 22 жаста жаңартылған білім мазмұны бойынша курстан өткен жоқ.


5-10 жыл педагогикалық өтілі бар 10 респондент бар, бұл 17,7% құрайды.

10-20 жыл аралығында 15 респондент 33,3% құрайды.

20-дан 30 жылға дейін 17 респондент еңбек өтілі бар, бұл 33,3% құрайды.

40 жылдан жоғары жұмыс өтілі 2 педагогта, бұл 4,4 % құрайды. Еңбек өтілі 45 жыл, жасы үлкен педагог 67 жаста.

№ 1-диаграмма



3-сұрақ. Білім беру мазмұнын жаңарту бойынша курстан өткен жылы мен орны.

А) 2016 жылы – 6

Ә) 2017 жылы – 15

В) 2018 жылы - 10

С) 2019 жылы – 13

Д) курстан өтпегендер – 1

Барлық педагогтар 2016-2019 жылдар аралығында педагогикалық шеберлік орталығында 40% және «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ филиалдарында педагогикалық қызметкерлердің біліктілігін арттыру институттарында 52% жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша біліктілігін арттырды.

4-сұрақ. Критериалды бағалау жүйесінің мақсаты мен принциптері Сізге түсінікті ме?

Респонденттердің қазақ тіліне аударғанда «критериалды бағалау» термині нені білдіреді, жауаптары респонденттер айқындауды білетіндігін көрсетті, оның аудармасы «білім алушымен отыру және білім алушы үшін»:

- дұрыс жауап бергендер 28 респондент, бұл 62,2 % құрады, олар білім алушылардың нақты қол жеткізген оқу нәтижелерін қалыптасқан өлшемдер негізінде күтілетін оқу нәтижелерімен салыстыру процесі деп жазды.;
- толық жауап бермегендер 8 респондент, олар 17,7% құрайды;
- бұл сұраққа 9 респондент жауап берген жоқ, бұл 20% құрады.

№ 2-диаграмма



5-сұрақ. Критериалды бағалау не үшін енгізілді? Респонденттердің келесі нұсқада жауап беруіне себеп болды:

- оқу жетістіктерін бағалау және үлгерімі туралы мәліметтерді жинау үшін, ата-аналарды ақпараттандыру үшін 33 респондент жауап берді, бұл 73,3% құрады;
- бұл сұраққа 12 респондент жауап берген жоқ, бұл респонденттердің 26,7% құрады.

№ 3-диаграмма

Критериалды бағалау не үшін енгізілді?

■ барлығы 45 респонденттер жауап берді



Бұл дегеніміз, 73,3% анықтаманы, оның принциптерін біледі, оқу үдерісінде критериалды бағалауды қолдана алады. Осы сұраққа жауап бермеген респонденттердің 26,7%-ы орта білім мазмұнын жаңарту бойынша оқудан өтпеген екі респондент (жас маман және зейнеткерлік жастағы педагог) бар. Осы сұраққа жауап бермеген респонденттер формативті бағалаудың әдістері мен техникаларын қолдануда қиындықтар тудырады, себебі айқындауды, тағайындауды және өткізу мақсатын білмейді.

6-сұрақ. Формативті бағалауды өткізудің мақсатын атаңыз? Біз респонденттердің жауаптарын топтастырдық, негізінен, жауаптары былайша орналастырылды:

- сабақта білім алушының көңіл-күйін білу – 2 респондент (4,4 %);
- оқуға мотивацияны арттыру үшін – 4 респондент (8,8 %);
- білім алушының оқу мақсатына қол жеткізуге алға жылжуын білу-12 респондент (26,6 %);
- оқыту әдістері туралы кері байланыс алу-11 респондент (24,4 %);
- білім алушының жеке, жұптық, топтық жұмыс түрлеріне қатысуы туралы кері байланыс алу – 6 респондент (13,3 %).
- оқу мақсаттарына қол жеткізу бойынша кері байланыс алу – 10 респондент (22,2 %).

Жауаптар формативті бағалауды өткізу мақсаттарын түсінуді және сабақ сайын бағалауды тағайындауды көрсетеді.

№4-диаграмма



Респонденттердің көпшілігі дұрыс жауап берді – білім алушының сабақ мақсатына жету үшін алға жылжуын білу және сабақ мақсатына жету үшін кері байланыс алу. Сонымен қатар, респонденттер оқу мақсатына жету үшін қолданылған әдістер мен тәсілдер туралы кері байланыс алатындығын атап өтті. Барлық көрсетілген жауаптар дұрыс берілген. Күндізгі сауалнама респонденттері ФБ мақсатын дұрыс түсінеді және тиісінше оқу үдерісінде дұрыс қолданады деген қорытындыға келуге болады.

7-сұрақ. Білім алушылардың бір-бірін бағалауы үшін өзіңіз қолданылатын ФБ тәсілдерін атаңыз.

- бөлім бойынша және тоқсандық білімін, біліктілігін және дағдыларын тексеру – 34 респондент (75,5%);

- бөлім бойынша және тоқсандық оқу мақсаттарына қол жеткізуді тексеру – 7 респондент (15,7%);

- бөлім және тоқсан бойынша сөйлеу және жазу дағдыларының дамуын тексеру 3 респондент (6,6%);

- жауап беруге қиналамын – 1 респондент (2,2%). Респонденттердің көпшілігі, бұл (%) жиынтық бағалауды өткізудің мақсатын түсінеді. Сұрақ курстық дайындықтан өтпеген 1 жыл өтілі бар педагогта ғана қиындық туғызды.

№5-диаграмма



8-сұрақ. Сабақтың қай кезеңінде сіз ФБ түрлерін пайдаланасыз, сәйкестіктерді табыңыз:

- | | |
|-----------------------|-------------------|
| A) сабақтың басталуы; | 1) конструктивті; |
| B) Сабақтың ортасы; | 2) эмоциялық |
| C) сабақтың соңы. | 3) уәждеуші. |

Дұрыс жауап келесідей болуы керек:

- A) – 2;
B) – 3;
C) – 1.

- 10 респонденттің барлық сәйкестіктері толығымен тапты, 22,3%;
- 9 респондент бір сәйкестікті тапты, 20%;
- 10 респонденттен екі сәйкестік табылды, 22,2%;
- 16 респондент, 35,5% сәйкестік таба алмады.

№6-диаграмма



10 респондент сәйкестігін толық тапты, яғни олар формативті бағалау функцияларын нақты бөліседі. Сонымен қатар, 16 респонденттің жауаптары сауалнамаға жауап бергендердің көпшілігі олардың функциялары мен мақсаты бойынша формативті бағалау тәсілдерін бөлмейтіндігін, олар формативті бағалау тәсілдерін эмоциялық, уәждеуші және конструктивті бағалауға бөлмейтіндігін дәлелдейді. Соның салдарынан олар білім алушыларды мақсатқа нақты жеткізу үшін формативті бағалау техникасын дұрыс пайдаланбайды, білім алушылардың жетістіктері бақыланбайды. Біз бағалау – оқытудың ажырамас бөлігі, онда білім алушы өзінің не болғанын, не болмағанын өзі туралы есеп бере алады деп айттық. Екі сәйкестікті 10 респондент тапты, олар формативті бағалаудың эмоционалдық және уәждемелік функциясын атап өтті, бағалаудың конструктивті функциясы респонденттердің назарынан тыс қалды.

Жауаптардың барлығы 50% сабақтың әртүрлі кезеңдерінде ФБ дұрыс қолданатынын көрсетеді. 9 респондент сабақ ортасында білім алушылардың әрекетін ынталандыратын ФБ өткізетінін атап өтті. Осылайша пәндер бойынша жаңартылған оқу бағдарламасы сабақтың әртүрлі кезеңдерінде ФБ түрлерін өткізуді көздейді. Сабақтың басында білім алушылардың эмоционалдық көңіл-күйін жақсарту және мотивациясын арттыру үшін педагог эмоциялық немесе мотивациялық бағалауды жүргізеді.


Ол алдыңғы оқытумен байланысты қамтамасыз ету жаттығуларынан кейін өткізіледі: жұпта сөйлеу, шеңбер бойынша сөйлеу, алдыңғы сабақтарда қызық болды. ФБ бұл түрлері білімін, білігі мен дағдыларын тексермейді. Бір тапсырмадан екіншісіне өту немесе бір жұмыс түрін басқа жұмыс түріне ауыстыру үшін тапсырмаларды орындау арасында дәлелді ФБ жоспарлауға болады. Бұл жағдайда олар білім алушыларға басқа жұмысқа ауысуға көмектеседі. Дәстүр бойынша педагог өз сабағы үшін әр сыныпқа 4-5 тапсырма дайындайды, тапсырмалар барған сайын күрделене түседі. Ең маңызды тапсырмаға мұғалім критерий мен дескрипторларды дайындау қажет. Бұл білім алушылардың оқыту мақсаттарына жету деңгейін көрсететін конструктивті бағалау. Сабақтың басында конструктивті бағалау өткізетінін көрсеткен респонденттер сабақ жүктемесін дұрыс бөлмейді, сондықтан білім алушылардың қызығушылығын төмендетеді. Бірде-бір сәйкестік таппаған педагогтардың 34%-на назар аударғымыз келеді. Бұл формативті бағалау тәсілдерінің жіктелуін білмейтін, ранжирлемейтін, олардың өткізілуін сабақ кезеңдерімен байланыстырмайтын педагогтар. ФБ тәсілдерін дұрыс жүргізу білім алушыларды жұмылдыратынын есте сақтаған жөн, оқытуды саналы етуге көмектеседі, материалды мазмұнына қарай күрделендіруге және көлемін арттыруға көмектеседі, бұл жаңартылған оқу бағдарламасының спиральділігіне сәйкес келеді.

9-сұрақ. Сабақта сіз қанша рет ФБ өткізесіз? Осы сұраққа жауап бергендер:

- 1 рет – 2 респондент, ол 4,5% құрайды;
- 2 рет – 18 респондент 40%;
- 3 рет – 18 респондент 40%;

4 рет – 7 респондент 15,5%.

№ 7-диаграмма



Бұл сұрақтың жауаптары көрсеткендей, респонденттердің 8% -ы 1 рет қана бағалау жүргізеді, бұл өте аз, мұндай бағалау мазмұнды оқуға ықпал етпейді, білім алушы оқу мақсатына қол жеткізу үшін өзінің алға ұмтылуын қадағалай алмайды. ФБ екі рет жүргізуге болады, бірақ бағалау түрлердің бірін міндетті түрде критерийлер мен дескрипторлармен жүргізу керек. ФБ екі рет өткізген кезде эмоциялық және конструктивтік, ынталандырушы және конструктивтік деп қосарлауға болады, педагогтың кері байланысын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Сабақта формативті бағалауды үш рет қолдануға болады, сабақтың басында эмоциялық, бірінші және екінші тапсырманың арасында уәждемелі және дескрипторлармен бағалау басты тапсырмадан кейін жоспарланады. Егер оларды материалды қиындата отырып дұрыс үлестірсе және педагогпен кері байланыс беруді жоспарласа, сабақ барысында 4 рет формативті бағалауды қолдану оң нәтиже көрсетеді. ФБ үшін формативті бағалауды жоспарлауға болмайды. Педагог білім алушының сабақ мақсатына қарай алға ұмтылғанын үнемі назарда ұстау қажет.

10-сұрақ. Респонденттер өздерін бағалау үшін пайдаланған ФБ әдістерін атап өтіңіз:

Смайликтер - 30 респондент;

Қол шапалақтау - 30 респондент;

Бес саусақ - 25 респондент;

Бағдаршам - 12 респондент;

Білім ағашы - 5 респондент;

Блоба ағашы - 6 респондент;

Жетістік баспалдағы - 3 респондент;

Чемодан, еттартқыш, себет - 7 респондент.

№ 8-диаграмма



Бұл сұрақтың бірнеше жауабы бар және респонденттердің таңдау еркіндігі болды, жауаптар сабақта формативті бағалаудың жиі қолданылатын тәсілдеріне негізделді. Аталған тәсілдер формативті бағалаудың басқа тәсілдерін пайдаланудың жоғары жиілігін және төмен жиілігін көрсетті. ШЖМ педагогтары формативті бағалау әдіс-тәсілдері мен техникаларын аз қолданады деген сөз. «Смайликтер» және «қол шапалақтаулар», «жұдырық» тәсілдері формативті бағалаудың эмоционалдық түрлері болып табылады, олар сабақтың оң эмоциялық аясына және сабақта білім алушылардың эмоциялық жағдайына қолдау көрсетуге арналған. Сонымен қатар жоғарыда аталған тәсілдер білім алушының сабақ мақсатына қарай ұмтылысын көрсете алмайды, оның жетістіктері туралы объективті ақпарат бере алмайды. «Жұдырықтар», «Смайлик» және «Бас бармақ» сияқты тәсілдерді бастауыш буында қолдануға болады, бірақ орта және жоғарғы буында қолдануға болмайды. Формативті бағалаудың конструктивтік формаларын елемей білім алушылардың ынтасының, таным үдерісіне қызығушылығының төмендеуіне ықпал етеді. Ақмола облысы Шортанды ауылында оқыту семинарларын өткізу кезінде «бағдаршам» тәсілін пайдалану кезінде педагогтар өзінің смайликтерін бағдаршам белгісіне, білім алушының негіздемесінсіз қоюды сұрайды. Мұндай тәсіл оқыту мақсатына жету үшін осы тапсырманы түсінуді дамытуға ықпал етпейді. Бағалаудың ауызша не жазбаша түрін педагог өзі таңдайды, ең бастысы мұнда түрі емес, мазмұны болуы қажет. Білім алушы өз жетістіктерін, осы тақырыпты оқуға байланысты қиындықтарын және алда болатын жоспарын айтады. «Блоба ағашы», «Таным ағашы», «Жетістік баспалдағы», «Шабдан, еттартқыш және себет» формативті бағалау тәсілдері білім алушылар осы сабақта оқу мақсатына қаншалықты алға ұмтылғанын айтып немесе жазып алған жағдайда конструктивті болады.

11-сұрақ. Өзара бағалау үшін қолданылатын формативті бағалау тәсілдерін атаңыз:

Смайликтер – 28 респондент;
 Қол шапалақ – 23 респондент;
 Жұдырықтар мен саусақ – 25 респондент;
 Бағдаршам – 16 респондент;
 Таным ағашы – 5 респондент;
 Блоба ағашы – 6 респондент;
 Сэндвич – 10 респондент;
 Екі жұлдыз бір тілек – 10 респондент.

№ 9-диаграмма




